Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Манаш Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Северо-Казахстанский государственный университет
им. М.Козыбаева

Асылымызды ардақтайық

/Ұсынылған библиографиялық көрсеткіш белгілі ақын, жерлес Шал ақын Құлекеұлының туғанына 265 жыл толуына арналған/

Поэт глубинных корней чинара

/Рекомендательный указатель литературв к 265-летию со дня рождения Шал акына Тлеуке Кулекеулы – казахского акына-импровизатора/

Петропавл , 2013

Оқырманға

Ұсынылып отырған көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысы көркем сөз өнерінің өкілі, қазақтың ақтаңгер ақындарының бірегейі, әйгілі Шал ақынның туғанына 265 жыл толуына арналған.

Мағлұмат алфавиттік тәртіппен орналасқан. Әйгілі Шал ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы ең соңғы басылымдар еңгізілген. СҚМУ ғылыми кітапханасының қорында бар.

Көмекші құрал ұстаздарға, студенттерге және қалың оқырман қауымға арналған.

Шал ақын (1748-1819 жж.)

«Қырандай жас қанатын жайған бала,
Жігіт боп кірген сауық-сайранға да,
Ажары той-думанның, сән-көрігі –
Шал ақын атанды екен қайдан ғана?»
Есләм Зікібаев.

Шал ақын, шын аты Тілеуке Құлекеұлы 1748 жылы Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын ауданында туған.

Туылған кезде қойылған аты Тілеуке, кейін оны Шал деп атап кеткен. Бала кезінде тапқыр, зерек, ойға жүйрік, алғыр болған, ақылды қариялардың әңгімелерін сүйіп тыңдаумен қатар, оңай есте сақтап отырған. Сол үшін де оны замандастары мен жеңгелері қалжыңдап, «көпті көрген қария» деп ат қойған.

Әкесі Құлеке атақты батыр болған, анасы үйсін тайпасынан шыққан атақты Төлебидің қызы. Құлеке батыр жайлы нақты тарихи мәліметтер сақталған. Оның есімі орыстың ресми құжаттарында жиі кездеседі. Халық аузында сақталған аңыз-әңгімелерге қарағанда, Шал ақын Есіл жағалауына бала кезінде келіп, Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданы аумағында өмір сүрген, 15 жасынан бастап поэзия өнеріне бейімділігінен, сол замандағы ақындардың шығармалары мен ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын танытады. Ш. Уәлихановтың айтуы бойынша, Шал ақын қазақ халқының шығу тегі, тайпалары, хандар генеологиясы туралы мәліметтер жинап, соның негізінде тамаша эпос жазады. Үнемсіздігі мен епсіздігінен, жинақылығының жоқтылығынан Шал ақын әкесі қалдырып кеткен байлықты сақтап қала алмаған. Кедейшіліктің ауыр тұрмысын бастан кешірген кезде байлардан көмек сұрамаған. Жағымпаздық пен жалпақтауды жек көрген, тағдырдың барлық сынақтарынан абыроймен өткен. Шал ақынның мұралары бізге толық жетпеген, жеткендердің өзі бір жарым мың жол ғана. Өлеңдері тақырыбы бойынша әр түрлі: жақсылық пен жамандық, жомарттық пен дүниеқорлық, ақындық пен надандық, кедейлік пен байлық.

Ақынның көп жырлаған тақырыбы – кедейлік. Өзі кедей болған соң ба, әлде ақындық білгірлік, танығыштықтың әсері ме, әйтеуір осы мәселе қазақ поэзиясында тұңғыш рет Шал өнерінде жеке тақырып дәрежесіне көтеріле сөз болады.

Ақын кедейден гөрі, кедейлікке көбірек назар аударып, шама келсе, одан алдын-ала қашуды, қайткенде оны болдырмауды насихаттайды. Кедейліктің табиғатын жақсы танып, бағалаған ақын одан құтылудың бірден-бір жолы ретінде еріншектікке бой алдырмауды, демек, еңбек етуді ұсынады. Арагідік ол кедейлерді жалдап күн көретін байлардың еріншектігін де сынайды. Бірақ осы өрдегі сынның салмақты жағы кедейдің үлесіне тиеді.

Оның лирикалық шығармалары философиялық тереңдігімен және адалдығымен баурап алады. Оның шығармаларында діни тақырып ерекше орын алған. Ол заманының жоғары білімді адамы болған. Ақын адамдардың өмірден өз орнын таба білуі, өз міндетін түсіне білуі, жақсылық жасай білуі, т.б. көптеген жайттар адамдардың өзіне байланысты екенін айтқан.

Осылар жайлы оның дидактикалық шығармалары («Әке мен шешенің қандай қымбат екенін түсінуі», «Жігіт туралы», «Егер жігіт бәрін білетіндігімен тәкаппарланса,» «Жаман адам дәрежесі жоғарылаған сайын ақымақ бола бастайды,» «Әйел бейнесі», т.б.) жазылған.

Шал ақын адамның ең жақсы қасиеттерінің бірі – бірлік пен достыққа ұмтылу деп санады. Шал ақынның бірқатар өлеңдерінде түркітілдес елдердің поэзиясына тән дәстүрлі эволюциялық тақырып – адам өмірінің кезеңдері, балалық шақтан қартайғанға дейінгі өмірі бейнеленген. Ол шығармаларын аяқ астынан шығарған. Оның суырып салмалық өнері осы жанрдың бейнесі болып табылды. Ол поэзиялық сөз жарыстардың шебері, көптеген айтыстарға қатысқан. Зерттеушілер оның өнерінің көркемдік жағынан ерекше жетістіктерін айтып, тілінің бейнелілігін, тапқырлығын және

стилінің мәнерлігін көрсеткен. Оның көптеген нақыл сөздері ел жағында сақталған.

Шал ақының өлеңдері алғаш 1928 жылы басылды, содан кейін 1958 жылы 8 өлеңі жарық көрді. Шал ақынның кейбір шығармаларын кезінде М.Хакімжанова, Ф.Ғабитова, А.Нұрқатов, тағы басқалар ақсақалдардың ауызша айтқандарынан хатқа түсірген. Қазақстаннан тыс жерлерде Шал ақынның бірнеше шығармасын түркі тілдері әдебиетін жақсы білетін белгілі ғалым Х. Шаяхметұлы жазып алған, оның қолжазбасы Қазан университетінің Н.И. Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасында сақтаулы. Шал ақынның шығармалары негізінен 1960 жылдан бастап шыға бастады, сол кездері оның шығармашылығы туралы ғылыми зерттеулер, мақалалар да жарияланды.

Шал ақын жайлы сөз көтерсек, отаршылдықтың орнынан шошып, құрығынан құтылуға кірісіп, арыстандай айқасқан, жолбарыстай шайқасқан, XVIII ғасырдың басында алты Алашқа аты шығып, Абылай ханның ең жақын серігі болған Құлеке батырды еске алмай өте алмаймыз. Оның себебі: шын аты Тілеуке – Шал ақын сол Құлекенің бел баласы. Осы жағдайдың өзі Шал ақынның ұлт тілегін ұран еткен ұлы әулеттен абзалдығы, күшіне адуындылығы, талабына тапқырлығы сай өнер иесі екенін көрсетеді. Әкесі Құлеке өлгенде:

«Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда би, қырқында - дарқан еді,
Кешегі дулап өткен Құлекенің,
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді», -

деп тегін айтылмаған. Құлеке жаудан жаны шайлықмас батыр да, дауда орыс, қазақты таңдантқан орақ тілді шешен, байыпты туған саясаткер де болып өткен дарабоз. Ол Абылай ханның жалаңтөс батыры ғана емес, ең сенімді елшісі болып қызмет еткен, өз заманының сауатты да, салауатты озық туған шын мәніндегі зор қайраткері.

Атаға тартып туған ұлы Шал ақынның қолда бар шығарма-ларына үңілсек, арқа сүйер негізі берік, топқа түссе тайсалмас, айтысқа кірсе жан салмас, ән шырқаса ерен, сөз

сөйлесе әрі терең, әрі шалқар шабытымен «мен мұнда»-лап тұр. Арқалы ақынды оқығанда, әрине, ең алдымен оның өмір сырына жаны қанық, даналық салауаты көз тартады.

Шал ақынның қай өлеңін алсаң да адамға үлкен ой салады, салыстырмалықтың шебері адамға заман әлпетін таныстыра біліп, қыр-сырын айдай айқын ашады. Өлеңін, не айтысын, не әзілін оқысаңыз, екі жүз елу жыл уақыт өткендей емес, екі елі қалыспай қасында жүргендей сезінесің.

Шал ақынның ұрпаққа дарығыш жыр қуатының шын құдіреті де осында деп білеміз. Әйгілі жазушымыз, Шалақынтанудың ерен майталманы, үздік білгірі Мұхтар Мағауиннің деректерінде Шал ақынның айтыс өнерінің де үздігі болғандығы айтылады. Оған «Өске мен Шал ақын», «Шал мен кемпірі», «Бәйбіше мен Шал ақын», «Шал ақын мен қыз» атты айтыстары куә болмақ. Ал, қақтықпалы, соқтықпалы шағын қақпақылдар, қамшы қағыстар өріс алған Шалдай жүйрік ақындар кем де кем. Айтыстарының бәрі де өмірдің шын көрінісін ашық айтып, адамның құмарын қандыра білетін озық ойлы, алмас кездіктей өткір тілді әзілге бай келеді. Өлеңдері де көтерем ұйқас емес, буыны берік төрткүл дүниенің тұтқасындай төрт буынды ұйқаспен шұбыртпалы әрі құтыртпалы сомдалады.

Шал ақын ғылым, білімді уағыздап, өзі ұстанған фәлсәфасын алға тарта білді. «Кедейлік ер жігітке намыс емес», «Жоқ болсаң, қызыл бүйі үйің болар», «Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса», «Ашу – дұшпан болғанда, нәпсі – жауың» десе ұлағатты ұлылыққа бой ұрған дана дер едік.

«Адамды жөн білетін дана деп біл,
Істерін жалқау жанның шала деп біл.
Құр жасы елулерге келседағы,
Білімсіз сондай жанды бала деп біл» – десе,

ақынның үлкен парасат иесі болғанын айқындай түседі.

Шал ақынның әр кез орала жырлаған тақырыбының бірі – кәрілік, жастық туралы. Қазақ поэзиясындағы осы дәстүрлі көркемдік түрді пайдалануда ақын өзіне дейінгі жыраулардың көлеңкесінде қалып қоймай, өзіндік сөз кестесін, ой сонылығын табады, сөйтіп, көне көркемдік түрді өзі тарапынан жаңарта,

жаңғырта жырлады. Ақын әр жастың қызығы мен қиындығын өзінше тауып, оларды жанды суреттер арқылы тыңдаушының көз алдында келтіре бейнеледі. Шал өлеңдерінің ауыз әдебиетімен, халық поэзиясымен туыстығы тек ұйқас, ырғақ мөлшерінің ұқсастығымен шектелмейді. Ақын халық поэзиясының жақсы дәстүрлерін, көркемдік түрлерін пайдаланып қана қоймай, оны әрі қарай жалғастырды, дамытты. Адамның мінез-құлықтарындағы, қоғамдық өмірдегі әр алуан көріністерді, құбылыстарды, қылықтарды суреттеуде ол өзіне дейінгі поэзияның тәжірбиесін жақсы мағынасында орнықтыра, тұрақтандыра түсті. Оның кәрілік, жастық, әйел мен еркектің жақсысы мен жаманы туралы өлеңдері жайында осыны айтуға болады.

Адамның «жаманы» мен «жақсысын» ажырататын қасиеттердің бірі олардың мінездеріне байланысты. Достар да қолда дәулет тұрғанда сыналмақ. Жоғында дос болып жүріп, қолына бақ құсы қонған күні теріс айналса, ол – опасыз. Таршылықта, тарыққанда қол бере білетін шын досты аңсайды ақын.

Жамаға дәулет бітсе әуе айналар,
Жақсыға байлық бітсе басы айналар.
Басыңа жазатайым бір іс түссе,
Арасы дос пен дұшпан абайланар.

Ақын бір топ өлеңдерінде адамның қартайған шағын бейнелейді. Кәрілік шақты өзінше сипаттап, бет-жүзіне, дәулет-дәрежесіне қарамайтын ортақ құбылыс ретінде суреттейді.

Кәрілікті ол байға да, ханға да, жаманға да, жақсыға да бірдей мейрімсіз, қашса құтқармайтын дауасыз дерт ретінде танытады. Сонда да қартайған бай мен кедей өмірі бірдей емес.

Белгісі кәріліктің – кетер күшің,
Болмайды жастағыдай ешбір ісің.
Кәрілік-дауасыз дерт ем қоңбайтын...
Таяққа қартайғанда асыларсың,

Төбеңнен тас ұрғандай басыларсың,

Күтімсіз сол кезекте кедей болсаң.
Бұтыңды отқа қақтап қасынарсың.

Тағдыр сырларын осылай түсінген ақын өмірді ұшқан құс, ұйқыда көрген түспен бірдей өткінші құбылыс деп түйеді.

Бұл дүниенің мысалы,
Ұшып өткен құс пен тең
Өмірде көрген жақсылық,
Ұйықтап өткен түспен тең.

Өмірдің, дүниенің өткіншілігін, құбылмалығын, өлімнің құтқармайтындығын айта отырып, ақын дүние құрып кеткелі тұр деген пессимистік түсініктерге ұрынбайды. Адамның қартайып өлуін заңдылық деп санап, дүние-табиғат өлген адам біржола құрымайтынын, оның мәңгі жасай беретінін, ал адам сол табиғаттың қонағы сияқты келіп, кететінін айтады:

Бұл өлім қайда жоқ,
Жарқыраған айда жоқ,
Күркіреген күнде жоқ,
Өтері өтіп кеткен соң
Мың теңгелік қайғыдан
Бір теңгелік пайда жоқ.

Осы үзіндінің соңғы жолдары ақынның оптимист екеніне куә бола алады.

Ақын өлеңдерінің ішінде халық өлеңдерінің алғашқы жолдарын алып, кейінгі жолдарын жаңарту арқылы өлең жасау тәсілі де жоқ емес. Бұлардың қайсысы да ақын, жыраулар поэзиясы негізінде қанаттанып, кейін өзіндік көркемдік бояулармен түрлене, кемелдене түскендігін білдіреді.

Шал өзіне дейінгі жыраулар тәрізді импровизатор ақын.

Шал ақынды тек қана ауыз әдебиетінің өкілі деушілер бар.

Ол сегіз қырлы, бір сырлы ақында бәрі бар, ол – айтыскер, суырып салма импровизатор, қолы тиген жерді жұлып алар, көзі түскен жерді үзіп алар өткір экспромт иесі, тапқыр

сөздің үздік шебері, ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке көше бастаған қазақ поэзиясының көш басындағы кемеңгер.

«Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам,
Әзілден мерт болады артық қазған,
Өткен іске өкінсем өмірім зая,
Тұяққа ілінгенді қайта жазбан» – десе,

«хатпен жазғандығын» әдейілеп кейінгі ұрпаққа паш етіп отыр. Ол өлең сөздің сан саласын, талай түрін игерген өз заманындағы нағыз реформатор ақын.

«Келін жақсы болса
Үйіне көп кісі келеді.
Келін жаман болса
Келген кісі кеткісі келеді.
Ас құй десең төккісі келеді,
Төкпей құй десең сөккісі келеді» – десе,

бұл нағыз экспромт.

«Кәрілік – күлге аунаған қотыр бура», «Кемшілік бердің алла, бір қуатқа» – деген сияқты өлеңдер жазба әдебиетінің өкілі екенін көрсетіп тұр.

«Тау толағай көрінер тасы кетсе,
Әр ел жесір қалады басы кетсе,
Кәрі күш не болады, уа дариға,
Асырайтын қолынан жасы кетсе» –

дегені шыншылдыққа сайыған тамаша өлең үлгісі. Абылай хан өлгеннен кейін жазылуға ықтимал, «Әр ел жесір қалады басы кетсе» деп тұр ғой.

Ақынның жарық көрмеген дүниесі әлі көп. Ал, Шал ақынға келсек, әзіл сөзі ел арасында кең тарады, әнімен айтылып жүрді. Шал ақының кім десе, ол – әзіл сөздің атасы. Шал ақынның өлеңдерін тапжылмай іздеп, тырнақтап тауып, түбегейлі талдау мен зерттеуден өткізген атақты жазушымыз, білікті ғалым, зиялы азаматымыз Мұхтар Мағауинның атқарған еңбегі орасан зор. 1998 жылғы «Жұлдыз» журналының сегізінші санында ол жайлы әдемі айтылыпты. Мұхтар мырзаның

кездесіп, көптеген ілтипатпен ардақтап, жеріне жеткізе жеті атасын да, өз тұлға-тұрпатын да тамаша сипаттаған ақсақалымыз Шал ақынға төрт атадан қосылатын Жантілеудің Қошаны. Әрине, тікелей осы ұрпақтың өкіліне дәл түскен соң зерттеушілер дөп басқан, көптеген мағлұматтар жинап, уақытында шыққан «Алдаспанға» Шал ақынның өлеңдерін кіргізген, одан соң жарық көрген көне сөздің асыл жинақтарында Шал атамыз лайықты орын алған.

Шал ақынның күлдіргі өлеңдерін өзі айтпай жас шәкірттері Мұса Асайынов, Тұрсынбай Кәкімовке үйрететін. Ал, өзі Шал ақынның:

«Сөйлеп қал, сөйле тілім, арыс келді,
Алдыңа сөйлетұғын намыс келді,
Сөйлеп қал, қызыл тілім осындайда,
Қысқарып ұзын дүние қарсы келді»

деп басталатын өлеңін нақышына келтіріп, өз сарынымен бүлкілдете жөнелетін. Шал ақынның құдірет-күшін тағы да бір жаңа қырынан байқайсың. Ол – эротикалық өлеңдер. Бұл саладағы ақын-бабамыздың алар орны ерекше, әзілдің атасы десем, эротикалық өлеңнің нағыз бабасы да осы Шал ақын.

Эротика дегеніміз – махаббат майданындағы от сезім мен жан толқытқан әрекеттерді сипаттау. Һау Ана мен һау Ата тиым салған жемісті жеп қойып, жәннаттан қуылса да, жер бетінің жаңа жұмағы махаббат сырын ашты. Үрім-бұтақ тарады, бұл да болса, Алланың рахматы. Осы заңдылықтарды өзгеден артық білгендей, Шал ақын атамыз қазақ поэзиясында эротикалық өлеңдерді тудырды. Ақындықтың бұл саласында оның алатын орны ерекше. «Өлшеуінен асырса, боғы шығады» – деп Абай атамыз айтқандай, әзілшіл ақын өлшем мен мөлшерден аспайды деп басады. Негізінде Шал ақын орта бойлының ерекше сындарлысы, аққұба жігіттің асқан сұлу сарбазы болса керек. Құдайым оған қоса үздік әнші, суырып-салма, импровизатор ақын етті, байырғы өлең сөздің – қисса, дастандардың телегей теңізі етті.

Шал ақының ақындық дариясында сан-салалы талай арна бар. Олардың ең бастысы – қазақтың тұңғыш ойшыл

ақындарының бірі болғандығы. Ол өмірдің сан көріністерін жырына арқау етіп, өз дәуірінің әлеуметтік, психологиялық, философиялық суреттерін жасап, үлкен ойшыл ақын екенін танытты.

Шал ақын психологиялық портреттер жасаудың көш басындағы айрықша дарын, оның Абылай ханды, әкесі Құлекені айтса – тарихты паш еткені, өмірдің жарқыны мен салқынын суреттесе, халықтың хал-ахуалын терең ойлағаны. Адам өмірінің әр жастағы етекшеліктерін айту да Шал ақынның үлкен поэзиялық саласы. Шал поэзиясының сиқыры неде? Қанша көп уақыт өтіп кетсе де, неліктен тот баспай жарқырап жете берген. Қазақстанның кең түпкірлерінен оның өлеңдерін жатқа біліп, айтып отырушылар әлі де бар. Себебі мың қаралы жол өлеңнің қағаз, сызудың жоқ кезінде сақталып жетуі ұрпағы үшін қуаныш.

Қазақтың өлең өнерінің інжу маржан үлгілерін жасаған, артына өлмейтұғын сөз қалдырған, поэзия тұғырын биікке көтерген ақындар атасы Шал Құлекеұлының мұрасы болашақта да қадір қасиетін сақтай беретіні кәміл.

Жалпы қорытып айтқанда, Шал ақын – біздің ақындық дәстүрлі ұлттық поэзиямызда әйел-ана тақырыбын ел болудың, іргелі халық болудың үлкен идеясын тарата отырып, кеңінен көтерген өз заманындағы кемел суреткер ақынымыз деп танылуға лайқты. Өйткені, бұл – әуелден ақырға дейінгілердің қай қайсысының да әманда ойынан кетпейтін, әрқашанда да өзектілігі күн тәртібінен түспейтін басты тақырып. Өйткені, ел болудың барша мәселелері ең алдымен осы мәселеге келіп тіреледі, осы мәселелер арқылы шешімін табады.

Шал ақын Шекспир болмағанымен, өз заманының бұл кісі де үлкен ақыны. Әр тұлғаның өз өрісі, өз деңгейі, өз болмысы бар. Шал ақынның өз заманының өзіне ілесе шықан біраз ақындардан даралық қасиеті – өкінішті жайды еске алмауы, өкпені көңілге түймеуі, қайғылы болған жүректі берік ұстап, пессимизм сарынын бойдан қуып, өршіл сезімін бойына дарытуы дер едік. Зерттеушілер оның көрсетулерінің көркемдік жетілдірілгенін, бейнелілігін, дәлелдігін, тапқырлығы және

тілінің түспалдығын, стилінің мәнерлігін атап көрсетеді. Шал ақынның айтқандары қанатты сөздерге айналған. 1999 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Сергеев ауданына Шал ақын есімі берілді.

Шал ақын артына мол әдеби мұра қалдырып, туған халқы мен ана тіліне қалтықсыз қызмет етумен қоса, перзенттік парызын адал өтеген ұл.

Өмірі мен шығармашылығы жайында әдебиеттер

- Біржанұлы Х. «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің». (Шал ақын Құлекеұлының туғанына 250 жыл. //Егемен Қазақстан.-1998 .-16 сәуір.
- Біржанұлы Х. Шал ақынның туғанына 250 жыл толуы қарсаңында. //Солтүстік Қазақстан.-1998 .-14 мамыр.
- Елубаева М. Тәрбие тағылымы – Шал ақын мұраларында. //Қазақ тілі мен әдебиеті.-2013.- № 2.- б.102-103.
- Ибраева Н. Шал ақының философиясы. //Ақиқат.-2006.- № 3.- б.56-58.
- Қадырәліұлы Қ. Асылымызды ардақтайық: Шал ақын туралы сөз. //Солтүстік Қазақстан.-2002.- 15 қаңтар.
- Қажыбаев Т. Жырлары ғажап. (Шал ақынның туғанына-250 жыл.) //Солтүстік Қазақстан.-1999.-28 мамыр.
- Қанғожин М. Шал ақын... тұғырын тастап емес, таудан салған. //Солтүстік Қазақстан.-1999-28 мамыр.
- Құлыбекова Ж. Маржан жырдың зергері. (Шал ақынның жырлары-халық қазынасы) //Солтүстік Қазақстан.-1999.-14 сәуір.

- Қызылжар елі – Жемчужина севера/ Бас ред. Б. Аяған.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007.-496 б.
- Мұқанов Қ. Шал ақын жырларын жақсы сақтап, халқымызға жеткізген асыл ұрпағы – Қошан Жантілеуов жайлы. //Солтүстік Қазақстан.-2008.-26 мамыр.
- Мұқанов Қ. Шал ақын поэзиясындағы педагогикалық-тәрбиелік ой-пікірлер. //Солтүстік Қазақстан.-1998.-2 желтоқсан.
- «Сауырдан су төгілмес боз жорға едім»,-деп жырлап өткен Шал ақыңға ескерткіш орнатылды: Шал ақын ауданында //Солүстік Қазақстан.-2007.- 24 желтоқсан.
- Сүлейменов Ж. Ұлылардың бесігі: Шал ақынның әкесі– Құлеке батыр туралы. //Солтүстік Қазақстан.-2008.- 26 мамыр.
- Уәйісов Р. Інжу-маржандай.(Ел ұлы – асыл сөз ақыны) Шал ақын туралы.//Солтүстік Қазақстан.-1999.-6 қазан.
- Шал ақын Құлекұлы: Шығармалары. Зерттеулер/ Шал ақын; Құраст. С. Қосанов, Т. Әлібеков.- А.: Дайк-Пресс, 1999.- 264 б.
- Шал ақын (1748-1819): Өлеңдері// Бес ғасыр жырлайды: Т.1.- Алматы: Жазушы, 1989.- 149 б.
- Шал ақын. Өлеңдер. Зерттеу деректер.-Алматы:Арыс, 2003.- 190 б.
- Шал ақын Құлекұлы: Шығармалары. Зерттеулер/ Шал ақын; Құраст. С. Қосанов, Т. Әлібеков.- Алматы.: Дайк-Пресс, 1999.- 264 б.
- Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы).//Он ғасыр жырлайды.- Алматы, 2006.-б.163-167.

- Шал ақын. (1748-1819): Өлеңдері.//Жеті ғасыр жырлайды:екі томдық.-1т.- Алматы: Жазушы, 2008.-б. 80-105.
- Шал ақын. //Солтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия.-Алматы, 2006.- б.629-631.
- Шал ақын: Өлеңдері. //Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық.-Т.1.-. Алматы: Жазушы, 2008.-б.80-105.
- Шал ақын. /Тілеуке Құлекеұлы/.//Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық.-Алматы: Санат, 1997.-б.381-399.
- Шал ақын. //Қазақ әдебиетінің тарихы.- Т.3 (XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы).-Алматы: Ғылым, 2000.-б.419-462.
- Шал ақын. //Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық.-Т.4.- Алматы:Қазақпарат,2005.-б.122-145.
- Шал (Тілеуке) Құлекеұлы. //Қазақ әдебиет: Энциклопедиялық анықтамалық.-Алматы, 2005.-б.-541-542.
- Шал (Тілеуке) Құлекеұлы.//Қазақ әдебиет: Энциклопедия.-Алматы, 1999.-б.-678-679.
- Шал ақын.//Сүгірбаев Т. Қызылжар өңірінің зиялы қауымы.-Петропавл, 2010.-б.362-363.

Өлеңдер

Сөйлеп қал, сөйле тілім, арыс келді,
Алдына сөйлейтұғын намыс келді,
Сөйлеп қал, қызыл тілім осындайда
Қысқарып ұзын дүние қарыс келді,
Сөйлеп қал, сөйле тілім, иең келді,
Алдыңа сөйлейтұғын жүйең келді,
Сөйлеп қал, сөйле тілім, өлмей тұрып,
Сөлеп қал қызыл тілім осындайда,
Қысқарып ұзын дүние қарыс келді.
Сөйлеп қал, қызыл тілім, өлмей тұрып,
Басыңа кезекті өлім төңбей тұрып,
Сөйлеп қал, қызыл тілім осындайда,
Өзіңе жала-қауіп келмей тұрып.
Сөйлеп қал, сөйле тілім, бақ барында
Басында сөйлейтұғын жақ барында,
Сөйлеп қал, қызыл тілім, осындайда
Артымда мирас қалсын жастарыма

***

Ата-ананың қадірін
Балалы болғанда білерсің,
Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсің.
Дәулетіңнің қадірін
Мал кеткенде білерсің
Маңайдағы дұспанды
Түн жеткенде білерсің.

***

Жігіттер, жаман сөзді кәсіп етпе,
Құрбанды өзің теңді басып өтпе.
Басыңа бір уақытта жұмыс түссе,
Дұшпан түгіл досың да қашар шетке.

Жігіттер, мал мен басым көп демеңіз,
Киім бүтін тамағым тоқ демеңіз,
Дәуіттің отыз ұлын бір күнде алған,
Біздерге жала-қаза жоқ демеңіз.

Жігіттер, жалған дүние бізден қалар,
Бір күні ажал келіп жаныңды алар,
Жан шығып, дүниеден көшкеннен соң,
Мал-мүлкің, қатын-балаң бәрі қалар.

***

Ат сұлу, айғыр мықты жалыменен,
Батыр мықты, бай күшті малыменен,
Жеті жұрт билеген би болсаң да,
Әркімді алсын құдай табыменен.

Білімсізге не керек біл демесе,
Сыйлағаны сол болар тілдемесе.
Шақырусыз адамның қадірі жоқ,
Өзі кеп, біздің үйге жүр демесе.

Жаман болып, не керек тірі болып,
Тірі жүрген көп жанның бірі болып,
Сары алтындай толқыған қайран нұрым
Бетімізге жабысты сірі болып.

К читателям

Предлагаемый вашему вниманию рекомендательный указатель посвящен 265-летию со дня рождения Шал акына Тлеуке Кулекеулы – казахского акына-импровизатора, нашего земляка.

В указателе представлена биография поэта, краткий обзор его творчества, список литературы о нем, имеющиеся в фонде научной библиотеки СКГУ им. М.Козыбаева.

Указатель предназначен для преподавателей, студентов, а также для широкого круга читателей.

Шал акын
(1748 - 1819)

«Творчество Шал акына Кулекеулы является одним из крепких, глубинных корней чинара, который ныне известен всему миру как казахский национальный роман».

Елеукенов Ш.

Шал акын, подлинное имя Тлеуке Кулекеулы, родился в 1748 году близ нынешней железнодорожной станции Азат на территории Кокшетауской области (ныне Северо-Казахстанской области). Народный акын, современник хана Абылая. При рождении ему было дано имя Тлеуке, впоследствии называли Шалом (стариком). С детства был сметливым, восприимчивым, любил не только внимательно слушать рассказы мудрых старцев, но и легко все запоминал, за что сверстники и насмешливые снохи прозвали его «бывалым, стариком».

Происходил из семьи крупного феодала. Отец будущего поэта, Кулеке-батыр, был соратником хана Абылая и одним из самых уважаемых родовых старейшин в Среднем жузе. Мать – дочь знаменитого Толеби из рода уйсун. Примерно в 1755-1760- х годах аул Кулеке-батыра перекочевывает из Кокчетава на берега реки Ишим, где и обосновывается навсегда. Вся сознательная жизнь акына проходит в этих краях – на территории нынешнего района Шал акына Северо-Казахстанской области.

С 15 лет он обнаружил не только склонность к поэтическому творчеству, но и проявляет большой интерес к фольклору и произведениям современных ему акынов. По словам Ш. Уалиханова, Шал акын собрал материалы о происхождении казахского народа, о его родах, генеалогии ханов и на этой основе создал замечательный эпос.

Будучи человеком непрактичным, не сумел сохранить состояние, оставленное ему отцом. Когда ему приходилось переносить тяготы бедности, он не искал защиты у баев.

Презирал лесть и угодничество, с достоинством проходил через все испытания жизни.

Шал акын был уже пожилым, когда родились его дети – сын Малибай и дочь Малике. Вторую половину своей жизни Шал акын провел в нужде. По словам аксакалов, умер он в 1819 году во время летних кочевок. Шал акын похоронен напротив холма Аютас возле города Сергеевка Северо-Казахстанской области. Могила его затеряна среди многих старых могил на правом берегу Ишима. Ныне никто не может точно указать, в какой из них покоится прах акына.

Неполное наследие Шал акына, дошедшее до наших дней, составляет около полутора тысяч строк. Стихи его разобраны по тематике: добро и зло, щедрость и алчность, мудрость и невежество, бедность и богатство. Его лирические произведения покоряют философской глубиной и искренностью. Особое место занимает религиозная тема. Шал акын был высокообразованным человеком своего времени. Поэт утверждал, что многое зависит и от самого человека, от осознания своего места в жизни, понимания своего долга, от умения делать добро. Об этом многие его дидактические произведения («Поняв, как дороги отец и мать», «О джигите», «Если джигит всезнайством кичится», «Человек плохой, возвысившись, глупеет», «Облик женщины»). Шал акын одним из лучших свойств человека считал его стремление к единству и дружбе. Песни и жыры Шал акына характеризуются философским осмыслением явлений жизни и психологии человека.

Большинство произведения Шал акына – экспромты. Его искусство импровизации считается образцом этого жанра. Он был мастером поэтических состязаний, принимал участие во многих айтысах («Айтыс Шал акына и девушки», «Айтыс Шал акына и байбише», «Айтыс Шал акына и джигита» и др). Многие его изречения стали крылатыми.

В печати впервые появилось стихотворение Шал акына в 1929 году («Жаңа әдебиет», № 5), затем в 1958 году было опубликовано 8 стихотворений («Қазақ әдебиеті», 28 окт.).

Известно, что некоторые произведения Шал акына записывались в свое время М. Хакимжановой, Ф. Габитовой, А. Нуркатовым и другими со слов аксакалов, пересказывавших произведения акына. За пределами Казахстана известный знаток тюркоязычной литературы, ученый Х. Шаяхметулы Гали записал несколько произведений Шал акына, рукопись которых хранится в научной библиотеке им. Н. И. Лобачевского Казанского университета. В основном произведения Шал акына стали печататься с 1960 г., тогда же появляются научные исследования о его творчестве. Произведения Шал акына включены в сборники: «Алдаспан» (1971), «XV – XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982), «Бес ғасыр жырлайды» (1985, 1989). Издание «Шал ақын» («Арыс», 2003) содержит произведения на казахском и русском языках, научные статьи известных ученых.

Изучением наследия Шал акына занимались крупные литературоведы – Х. Суюншалиев, М. Магауин, Г. Абетов, Ш. Елеукенов, А. Дербисалин, О. Кумисбаев и другие. 25 октября 1998 г. в г. Петропавловске была проведена международная научно-практическая конференция, посвященная 250-летию со дня рождения Шал акына.

С 1999 года Сергеевский район Северо-Казахстанской области носит имя Шал акына.

Литература о жизни и творчестве:

- Елеукенов Ш. У предыстоков национального романа.// Шал ақын Құлекұлы: Шығармалары. Зерттеулер/ Шал ақын; Құраст. С. Қосанов, Т. Әлібеков.- Алматы, 1999.- б.155- 158.
- Магауин, М. Кобыз и копье. Повествование о казахских акынах и жырау XV-XVII веков/ М. Магауин.- 5-е изд.,

перераб.- Алматы: Мектеп, 2003.- 176 с. – (Слово седьмое).

- Муканов, К. Горячее огня/ К. Муканов// Провинция.- 2008.- №3.- С. 64.
- Муканов, К. Горячее огня/ К Муканов// Северный Казахстан.- 2008.- 21 января.
- Муканова, Г. Абылай хан и Шал акын/ Г. Муканова// Республика. kz.- 2007.- 23 октября.
- Сериков, С. И помнят, и гордятся/ С. Сериков// Северный Казахстан.- 2009.- 7 сентября..
- Шал акын: [Крат. биогр. справка] // Литература Казахстана: Энциклопедический справочник.- А.: Аруна, 2010.- С. 507.
- Шал акын: [Крат. биогр. справка] // Северо-Казахстанская область: Энциклопедия.- 2-е изд., доп.- А.:Арыс, 2006.- С. 588-589.
- Шал акын. [Крат. биогр. справка] // Казахстан: Национальная энциклопедия.-Т.5.- Алматы, 2006.- С. 409.

Құрастырушы: Казиканова А.Қ.
Ақпараттық-библиографиялық сектор

Подготовила: Макаренко О.М.
сектор информационно-библиографической работы

Ответственная за выпуск: Нурпеисова К.Н.
заведующая библиотечным комплексом

Переводы стихов Шал акына

Одежда, честный меч — жигита красота,
Отважный в битве муж — народа красота.
Вещь хороша, когда у ней есть назначенье,
Пух белых лебедей в озерах — красота.
Лес и весенний луг с цветами — красота,
И горы на земле, родной нам, — красота,
Когда меж близкими людьми раздора нет,
То это и для всех соседей — красота.
Ученый и мудрец для рода — красота,
Он для своей земли, для мира — красота,
Коль будешь слушать ты, что говорит Аллах,
Откроется тебе всей правды Красота.

* * *

В пятнадцать сел я на коня, держась за гриву крепко...
Я падал беркутом тогда на камни и на ветки.
Слова мои в себе тогда несли огонь и пламя,
Оставил в сердце этот год лишь светлые
заметки.
Я в восемнадцать лет спешил постичь любви
искусство,
И все ж не мог подумать я, что вдруг погаснут
чувства.
Был голос как у соловья, шаги как у Дульдуля,
Но не имел ребенка я, и оттого не грустно.
А в двадцать странствовать я стал в степях
широких, знойных,
Писал я шумные стихи в скитаньях беспокойных.
А в двадцать пять, а в двадцать пять отринул
я забавы
И стал без страха, не таясь брать сторону

достойных.
А в тридцать лет был полон весь я радостного пыла.
Вкус дела я познал; познал в чем человека сила.
Я понял: лишине слова — ни смысла в них,
ни пользы,
Когда за целых сорок лет мне вдруг перевалило.
А в пятьдесят стал тихо жить, молитвы
повторяя,
Священные слова молитв о вышних кущах рая.
А в шестьдесят я прекратил мирские
развлеченья.
Прихода смерти, как мудрец, спокойно
ожидая.

* * *

Не всех коней в байге награда ждет,
Под меру общую не вгонишь весь народ.
Еще вчера мне было двадцать пять,
Все было к месту, было все под стать.
Я столько перевалов одолел,
На стольких пиршествах больших сидел!
Хан и батыры, люди — стар и мал, —
Пред вами я стихами гарцевал.
Но молодость прошла. Перед концом
Душа моя вся налита свинцом.
Был иноходцем с крепким крупом я,
Ни разу не сбивалась рысь моя.
Я, вспомнив юность, головой поник.
Я — как отставший от других киик.